

8D014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Кошкинбаева Нургуль Рыспаевнаның «Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

### СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарын, мемлекет басшыларының Жолдауларын, қаулы-қарарларын, ғалымдардың іргелі ғылыми еңбектерін талдау барысында кез-келген салада бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру аса маңызды екендігі туралы айтылған. Зерттеу тақырыбының өзектілігі келесі құжаттарда көрініс тапты, атап айтсақ:</p> <p>Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, Ғылым туралы Заңы, Педагогтің кәсіби стандарты, Болашаққа бағдар - «Рухани жаңғыру» бағдарламасын, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 Қаулысын, ЖОО даму стратегияларын жүзеге асырумен байланысты.</p> <p>Аталған талаптар білім берудің нормативтік құжаттарына сәйкес беріліп отырған міндеттер мен басым бағыттар болғандықтан «Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру» атты зерттеу тақырыбының өзектілігін одан әрі тереңдете түсетіні анық. Ендеше аталған мәселеге байланысты Н.Р.Кошкинбаеваның диссертациялық зерттеуі педагогикалық ғылымды дамытудың басым бағыттарына және білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертацияның зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық жетістіктері педагогика ғылымының, соның ішінде жоғары кәсіптік білім берудің педагогикасы мен әдістемесінің дамуына елеулі үлес қосып, білім беру жүйесіндегі маңыздылығымен айқындалды. Атап айтсақ:</p> <p>Біріншіден, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесін теориялық тұрғыдан негіздеу арқылы ғылымға елеулі үлесін қосып, маңыздылығын ашады;</p> <p>Екіншіден, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге</p>

			<p>қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін құрып, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру барысында бәсекеге қабілеттіліктің компоненттері мен қалыптасу кезеңдерін көрсете отырып, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптасу деңгейлерінің сипаттамасын (минималды, жалпы, жетілген) ашқандығы ғылымға елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығын ашады;</p> <p>Үшіншіден, кәсіби білім беружүйесіндекөркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындау арқылы ғылымға елеулі үлесін қосады және маңыздылығын ашады;</p> <p>Төртіншіден, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі ғылымғаелеулі үлесін қосады және оның маңыздылығын ашады;</p> <p>Бесіншіден, зерттеу жұмысының өнімі ретінде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталған«Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» атты элективті курсының әзірленуі және оқу үдерісіне енуі ғылымға елеулі үлесін қосып, маңыздылығын аша түседі.</p> <p>Зерттеудің маңыздылығы диссертацияның кіріспе бөлімінде толық ашылған. Осыған байланысты ұсынылған жұмыс көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша отандық жұмыстардың ішіндегі алғашқы диссертациялық жұмыстың тақырыбы болып табылады.</p>
3.	Дербестік кағидасы	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант Н.Р.Кошкинбаевадиссертациялық жұмысты жазуда өзіндік жазу деңгейі жоғары. Сонымен қатар зерттеу жұмысында ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жасап, өзіндік интерпретация бере білген. Жазылған ақпараттар талдаудан өтіп, мағыналы құрылымды сақтай келе өзара үйлесіп, автордың диссертацияны жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік кағидасы	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі негізделген. Мемлекет басшыларының Жолдауларын, қаулы-қарарларын, бағдарламаларын және белгілі ғалымдардың зерттеу жұмыстарын зерделеу, талдау және көркем-шығармашылық бағыттағы педагог мамандарға жұмыс берушілерге, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарға жүргізілген «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың сапалық көрсеткіштері туралы жұмыс берушілерге арналған», «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың жұмыс берушілер сұраныстарына (жұмыс жасау барысындағы қажетті тұлғалық қасиеттер) сәйкестігін анықтау

		<p>үшін» сауалнамаларының нәтижелері зерттеу мәселесінің бар екенін айқындайды. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің маңыздылығы туралы және алдыңғы қатарлы елдердің озық тәжірибелері мен көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарды даярлайтын жоғары оқу орындарының іс-шараларының мазмұнын жан-жақты зерттеу және нақты шынайы деректерге сүйенген ғылыми тұжырымдар жасау да диссертация тақырыбының өзектілігін дәлелдей түскен.</p> <p>Диссертация көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарға қоғам сұранысының талаптары және бітіруші көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерінің жеткілікті деңгейде зерттелмеуі арасында, болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың жоғары білім беру үдерісіндегі маңыздылығы және табысты кәсіби әрекетке қажетті қоғам сұранысына сай заманауи білімнің кәсіби құндылық екендігін толық түсінбеуі мен болашақ көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру қажеттілігінің педагогикалық қауымның мойындағанымен, оның ғылыми-педагогикалық негіздерінің жеткіліксіз зерттелуі және оқу-әдістемелік кешендермен жүйелі қамтамасыздандырылмауы арасындағы қайшылықтарды шешу үшін ғылыми зерттеу мәселелеріне негізделген.</p>	
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды</u>;</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>		<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды, практикалық ұсыныстардан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p>		<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Ғылыми жұмыс алға қойылған мақсаттар мен міндеттерден туындайтын теориялық алғышарттар негізінде құрылған, осы негізде зерттеудің басты қағидаттары жүйелі түрде анықталып тұжырымдалған.</p>

		3) сәйкес келмейді	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың үш бөлімі мен құрылысы яғни жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Зерттеу барысында «Бәсекеге қабілеттілік» және «Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі» ұғымдарының дамуы, шет мемлекеттердегі жағдайыталданған және Қазақстандағы жағдайымен салыстырмалы түрде зерттелген, ғылыми тұрғыда негізделген және нақтыланған. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін дайындауда, әдістеменің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни талдау бар және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық қағидасы	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем	Докторант Н.Р.Кошкинбаеваның диссертациялық жұмысындағы зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып саналады. Зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында келесі нәтижелерге қол жеткізілген. Олар: Біріншіден, ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты педагогикалық теория мен практикада көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдейді, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге

		жаңа болып табылады)	<p>кабілеттілігі мәселелерін анықтайды, мәселенің шешілу жолдарын айқындағандықтан <b>толығымен жаңа</b> болып табылады.</p> <p>Екіншіден, ғылыми нәтижеге жетуде көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделінің құрылуы екінші нәтиженің <b>толығымен жаңа</b> екендігін көрсетеді.</p> <p>Үшіншіден, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтағандығы мен мазмұндық сипаттама берілуі нәтиженің <b>толығымен жаңа</b> болып табылатынына дәлел болады.</p> <p>Төртіншіден, ғылыми нәтиже ретінде тәжірибелік–эксперимент жұмысын нақты жағдаятты жүйелілік зерделеу әдісімен жүзеге асыруының мазмұны мен нәтижелері <b>толығымен жаңа</b>.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Н.Р.Кошкинбаева көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін зерделеуі ғылыми педагогикалық-психологиялық, экономикалық, философиялық еңбектерді сараптап талдау жасау арқылы негіздеумен, жеке ойын теориялық тұжырымдай білуімен және тұжырымды қорытынды жасай алғандығы үшін толығымен жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Технологиялық шешімдер жаңа және негізделген болып табылады. Докторанттың ұсынған көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық тәжірибелік негізі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Диссертация жұмысы барысындағы алынған тұжырымдар, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға практикалық көмек ретінде ғылыми әдістемелік еңбектер әзірленген және оқу үдерісіне енгізілген. Тәжірибелік–эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдар мен ендіру актілерімен негізделген.</p>
6.	Негізгі	Барлық қорытындылар	Зерттеу жұмысының барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды

	<p>қорытындылардың негізділігі</p>	<p>ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>дәлелдемелерге негізделген.  Н.Р.Кошкинбаеваның зерттеу жұмысындағы қорытындылардың ғылыми құндылығы бар нақты кәсіби білім беру мәселесі бойынша және бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру мәселелері бойынша әдебиеттік деректерді талдау, бәсекеге қабілеттілік компоненттерін анықтау, көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделін жасау, бәсекеге қабілетті көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтарды даярлауға бағытталған «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнінің негізінде бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру әдістемесінің тиімділігін қарастырады. Көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтарға білім берудің теориясы мен әдістемесінің ережелеріне сүйену, қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан бұрын соңды айтылған пікірлерді сараптау арқылы қорытындылардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етілген.</p>
7.	<p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар</p>	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:  7.1 Қағидат дәлелденді ме?  1) <u>дәлелденді</u>;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді  7.2 Тривиал ма?  1) ия;  2) <u>жоқ</u>  7.3 Жаңа ма?  1) <u>ия</u>;  2) жоқ  7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) <u>кең</u></p>	<p>Докторант Н.Р.Кошкинбаеваның диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар:  7.1 Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар дәлелденген.  7.2 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес.  7.3 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа.  7.4 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттардың қолдану деңгейі кең.  7.5 Зерттеу жұмысының негізгі қағидаттары ҚР ҒЖБМ ұсынған ғылыми басылымдарда - 4, Scopus базасына енген шетелдік басылымда – 1 және 5 - Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, оның ішінде 2 - шетелдік халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, 3- отандық халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланған, 1 - дизайн туындысына авторлық куәлік алынған.</p>

		7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманың таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	<p>Докторант Н.Р.Кошкинбаеваның диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Докторант диссертациялық жұмыстың әдістемелік және әдіснамалық негіздерін түзуде теориямен практиканың бірлігі, мазмұндық және әрекеттік, тұтастық және ғылымилық, қолжетімділік және демонстрациялау ұстанымдарды басшылыққа алған.</p> <p>Әдістемені таңдауы негізделген, пайдаланылған әдістер зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді және диссертация мазмұнында егжей-тегжейлі сипатталған. Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған.</p>
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	<p>Диссертаци жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу, өзіндік интерпретациялау әдістемелерін пайдаланумен алынған, компьютерлік технологиялардың көмегімен түрлі сызбалар, кестелер, диаграмма, үлгілер құрастырылған, сауалнамалар жүргізілген (Microsoft Word, Microsoft Excel, Google Forms, Zotero, 3 Ds Max бағдарламалары).</p>
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар	<p>Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-әдебиеттерді талдау, сауалнама нәтижелерін сараптау көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарды даярлау барысында бәсекеге қабілеттілікке икемдеуге бағытталған эксперименттік бағдарламаны әзірлеу және сынақтан өткізуге мүмкіндік беретін практикалық жұмыстар педагогикалық эксперименттің дәлдігіне мүмкіндік берді. Бәсекеге қабілеттілікті қалыптастырудың маңызды құрамдас бөлігі болып</p>

		<p>эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>табылатын «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» пәні М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің және І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқу үдерісіне енгізілген. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық моделі көркем-шығармашылық бағыттағы педагогикалық білім беру бағдарламаларын құруда негізге алынған.</p> <p>Зерттеу жұмысында алынған көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтарды дайындауда бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру бағытындағы білім беру мен идеяларды жүзеге асыруға нәтиже көрсетіп, педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденген.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы әдебиеттерге, атап айтсақ: ҚР нормативтік - құқықтық құжаттарына, кәсіби-педагогикалық дайындық мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың педагогикалық, экономикалық әдебиеттеріне, анықтамаларға, энциклопедияларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға жасалған сілтемелерімен расталған.</p> <p>Жұмыста әдістемелік тұжырымдар эксперимент нәтижелері арқылы талданып, ғалымдардың ғылыми қағидалары негізге алынып, ізденушінің өзіндік тұжырымдарымен қорытындыланған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті қарастырылған. Зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік авторлардың 187 еңбектеріне жан-жақты талдау жүргізілген. Докторант алынған ақпарат зерттеулерді жоспарлау және алынған деректерді талқылау кезінде пайдаланылғаны айқын болып табылады.</p>
9	<p>Практикалық құндылық қағидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық құндылық принципіне келетін болсақ, теориялық тұрғыда маңызды болып табылады.</p> <p>Диссертацияның теориялық маңызы шетелдік және отандық тәжірибеде бәсекеге қабілеттілікті қалыптастырудың тәжірибесін жинақтаумен, оның әлеуметтік-тарихи негіздерін ашумен және бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыруды іске асырудың жолдарын, ерекшеліктерін анықтау туралы іргелі идеяларды негіздеумен анықтала түседі.</p>



		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның практикалық маңыздылығы: Студенттер сабақ барысында интерактивті оқыту, проблемалық оқыту, ұжымдық оқыту, интеллектуалдық ойындар, танымдық ойындар, шығармашылық ойындар, іскерлік ойындар, құзіреттілікке бағытталған тапсырмалар, проблемалық жағдаяттар, идеялар аукционы, көрнекілік үлгілік құралдары ретінде макеттер, сызбалар, эскиздер, бұйымдар коллекциясы, компьютерлік оқыту құралдарын қолданып және «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» пәнін меңгеріп, алған білімдерін болашақта жұмыс барысында қолдана алады. Бұл білімдер көркем-шығармашылық бағыттағы педагогтардың кәсіби білім беру бағдарламаларының ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл жұмыстың практикалық маңызы жан-жақты екеніне дәлел бола алады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Диссертант ұсынған «Көркем-шығармашылықтағы кәсіби дизайн» элективті пәнінің мазмұны және пәннің мазмұнын ашу үшін ұсынылған «Ханшайым» коллекциясының жасалу технологиясы, моделі жаңа болып табылады. Бұл технологияны игерудегі алынған білім бәсекеге қабілетті болып қалыптасуға табысты ықпал етеді және толығымен жаңа.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған және объективті түрде жазылған, ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымы сақталған жұмыс. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса, жауапкершілік ұстанымын басшылыққа алған. Диссертация құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.</p>

**(PhD) Философия докторы дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды:**

Кошкинбаева Нургуль Рыспаевнаның «Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес көркем-шығармашылық бағыттағы педагог мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі мен қажеттілігі бүгінде әлемдік деңгейде маңызды. Көркем-шығармашылық бағыттағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мақсатында жүргізілген Кошкинбаева Нургуль Рыспаевнаның 8D014 –

«Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған жұмысы «Ғылыми дәрежелерді беру Ережелеріне» толық сәйкес келеді, ішкі байланысы және тұтастығы бар толыққанды аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады. Ал оның авторы Кошкинбаева Нургуль Рыспаевна 8D014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша (PhD) Философия докторы дәрежесін алуға лайықты.

**Ресми рецензент:**

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті Кентау институтының  
директоры, педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор**



**Беркимбаев Камалбек Мейрбекұлы**

*26.04.2023 ж.*